# Ән қанатында

## 3



# Ән қанатында

## 3

АЛМАТЫ
«БЕРЕН» • «ӘСЕМ»
1992

ББК 85.7
Ә 61

Редакторы және құрастырушысы
*Г. Мандыбаева.*

Ә 61 «Ән қанатында»/Ред., құраст. Г. Мандыбаева.-Алматы: «Берен», «Әсем».-1992. 3-кітап.—64 бет.

«Ән қанатында» — таңдаулы әндер жинағының үшінші кітабы. Бұл жинақта қазақ композиторларының және орыс композиторлардың махаббат, сағыныш, арман туралы таңдаулы ойлы да лирикалық әндері, термелер топтастырылған.
Кітап ән сүйер қауымға арналған.

Ә $\frac{4700000000 — 3}{401(05) — 91}$ Без объявл. ББК 85.7

ISBN 5-615-01173-4 (3)
ISBN 5-615-01172-6(2)

©«Әсем», құрастыру, 1992.

*ДҮНГЕНБАЙ БОТБАЕВ*

## ЕРКЕТАЙЫМ

Ө л е ң і  С. Жиенбаевтікі

Кең даланың кер маралы,
        күн қызығар келбетіне,
Келші бермен — тигізбейін жел бетіне.
Келші бермен, еркетайым,
Бірге шалқып, бір күлейік.
Қос аққудай бір жүрейік.

Көк аспанның күмбезінде
        жаңа туған ай секілді,
Ақ дидарың нұр таратсын жер бетіне.
Келші бермен, еркетайым,
Бірге шалқып, бір күлейік,
Қос аққудай бір жүрейік.

Кең даламның кер маралы,
        жалт еткенде көз жанарың,
Елжіретер жан-жүрегін бозбаланың.
Келші бермен, еркетайым,
Бірге шалқып, бір күлейік,
Қос аққудай бір жүрейік.

Балбыраған балаусадай
        енші менің құшағыма,
Деп жүрейін мәңгі бақи өз қарағым.
Келші бермен, еркетайым,
Бірге шалқып, бір күлейік,
Қос аққудай бір жүрейік.